

ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ЖӘНЕ ӨНЕР
SOCIAL AND HUMAN SCIENCES AND ART
СОЦИАЛЬНО-ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ И ИСКУССТВО

FTAXP 18.15.61

К.К. Жунусов¹

*¹Қазақстан Республикасының
Тұңғыш Президенті - Елбасы кітапханасы
(Нұр-Сұлтан, Қазақстан)*

**МУЗЕЙЛЕРДІҢ МӘНІ ЖӘНЕ ОНЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ
МИССИЯСЫ**

Аннотация

Мақалада музейлердің дамуы тарихы барысындағы ағартушылық миссиясының қалыптасуы мен оның өзгеріске ұшырауы қарастырылған. Отандық музейлердің жалпы әлемдік музейлердің даму мәнмәтініндегі ағартушылық қызметінің даму кезеңдері мен әлеуметтік-мәдени орны ашылған.

***Түйінді сөздер:** музей; ағартушылық миссия; әлеуметтік-мәдени институт; музейлердің білім беру қызметі*

К.К. Жунусов¹

*¹Библиотека Первого Президента РК – Елбасы
(Нур-Султан, Казахстан)*

**СУЩНОСТЬ И ОРГАНИЗАЦИЯ
ПРОСВЕТИТЕЛЬСКОЙ МИССИИ МУЗЕЕВ**

Аннотация

В статье рассматривается становление и трансформация просветительской миссии музеев в исторической ретроспективе. Выявлены этапы развития и социокультурная роль просветительской деятельности музеев в контексте развития отечественных и мировых музеев.

***Ключевые слова:** музей; просветительская миссия; социокультурный институт; образовательная функция музеев.*

К.К. Zhunussov¹

*¹Library of the First President of the Republic of Kazakhstan – Elbasy
(Nur-Sultan, Kazakhstan)*

THE SUBJECT-MATTER AND ORGANIZATION OF THE EDUCATIONAL MISSION OF MUSEUMS

Annotation

The article examines the state and transformation of the educational mission of museums in a historical retrospective. The stages of development and the socio-cultural role of educational activities of museums in the context of the development of domestic and world museums are identified.

Key words: museum; educational mission; sociocultural institute; educational function of museums.

Кіріспе. Музейдің маңызды әлеуметтік қызметтерінің бірі - білім мен тәрбие беру функциялары. Осы функцияларды бірсарынды әрі жүйелі түрде іске асыру музейлерді қоғам мен уақыттың қажеттіліктеріне жауап беруге қауқарлы құнды мәдени-ағарту мекемесіне айналдырады.

Музейлердің ағартушылық миссиясы – білім мен мәдениетті жеткізу болып табылады. С.И.Ожеговтың түсіндірме сөздігінде «ағарту» дегеніміз - білім мен мәдениетті жеткізу, тарату деген мағынаны білдіреді. Музейлердің ағартушылық миссиясы - бұл көпшілікке қол жетімді болуға ұмтылатын барлық музейлердің ерекше белгісі. Бұл шетелдік музейлермен қатар, қазақстандық музейлерге де қатысты, себебі заманауи қазақстандық музейлер тәуелсіздік жылдарында әлемдік музейлер жүйесіне интеграцияланып, оның құрамдас бөлігіне айналды.

Зерттеу әдістері. Осы мақалада сипаттамалық, салыстырмалы және тарихи әдістері қолданылған.

Тақырып бойынша әдебиеттерге шолу. Теориялық тұрғыдан алғанда, мәселе ресейлік ғылыми зерттеу әдебиеттерінде кеңінен қарастырылған. К.Д. Ушинский, Э.А. Шулепова, Е.Н. Медынский, еңбектері тұжырымдамалық аппаратты қалыптастыруда үлкен маңызға ие.

Мәдени-ағартушылық қызмет термині ресейлік музейтануда 1990 жылдардың басынан бастап қолданыла бастады. Бұған дейін басқа да ұғымдар қолданылды (бұқаралық саяси-ағарту жұмыстары, ғылыми және ағартушылық), олар мемлекеттің әртүрлі тарихи кезеңдерінде келушілермен жұмыс істеудің мәнін түсінуді және музей қызметінің басқа бағыттарын айқындау терминологиясына қарағанда жылдам өзгеріп отырды. Қазақстанда музей ісі бұрынғы Кеңес Одағы республикасы ретінде Ресейдегідей бағытта дамыды. Атап айтқанда Б.Е. Алтаевтың «Место музеев Казахстана в мировом сообществе» мақаласында да бұл мәселе жан-жақты қозғалған.

Қазіргі кезде кеңінен қолданылып жүрген «мәдени-ағартушылық қызмет» термині бұл салаға деген көзқарастың кеңейгендігін және «аудитория, көпшілікке бағытталған музей» ұғымын жеткілікті кең ауқымда түсіндіру мүмкіндігін ұсынады.

Зерттеу нәтижесі. Алысқа ат шаптырмай-ақ көршілес Ресейді алатын болсақ, көпшілікке қол жетімді болған алғашқы музейлердің бірі 1714 жылы Ұлы Петрдің жеке империялық музейі ретінде құрылған Санкт-Петербургтегі Кунсткамераны айтуға болады. 1719 жылы құрылғаннан кейін бес жыл өткен соң Кунсткамера көпшілікке ашылды. Осылайша 18 ғасырдың

аяғында Ресейдегі алғашқы қол жетімді музейге айналды. 1773 жылы оған дәрігер Н.Гимзельдің жаратылыстану жинағы негізінде құрылған Ригадағы қоғамдық музей және 1782 жылы құрылған тарихи, этнографиялық және жаратылыстану материалдарын жинақтау мақсатында құрылған Иркутскідегі қоғамдық музей қосылды [1].

XIX ғасырдағы музейлерге қол жетімділік идеясы және олардың ағартушылық миссиясы ұлттық санада мейлінше айқын көрініс тауып, музейлерді көпшілікке ашудың негізгі қозғаушы күшіне айналды. Сонымен бірге көптеген музейлердің жарғыларында оқу-ағарту іс-шараларын жүргізу қажеттілігі туралы тармақтар пайда болды.

Мәселен, Ресейдің жергілікті музейлерінің қолданыстағы жарғыларына сәйкес, олардың қызмет ауқымына географиялық, тарихи, экономикалық және басқа да ілімдерді тарату, халықты тарихи және мәдени ескерткіштермен таныстыру, көпшілік алдында дәрістер, уақытша және тұрақты көрмелер ұйымдастыру, ғылыми және білім беру экскурсияларын өткізу, тіпті кітапханалар мен кәсіби оқу орындарын құру кірді [1].

18-19 ғасырлардағы музейлердің көпшілігі өз аумағындағы білім беру қызметімен ғана шектелмеген; көптеген музейлер негізінен сауаты аздау қарапайым халық үшін ашық, қол жетімді мәдени-ағарту ұйымдары болды. Музейлер мен олардың бай көрнекілік материалдарының арқасында музейлер мен келушілер арасында өзара байланыс орын алды. Мектептен тыс білім беруді дамытушылардың бірі Е.Н.Медынский атап өткендей, музейлер «тұрғындар үшін аса қызық емес болып көрінетін жағдайларда мектептен тыс тәрбиенің өте құнды құралы болып табылады ... Кітап қызықтырмайды, дәрістерді түсіну қиын, ал бұқараны курстарға тарту оңай шаруа емес... ал суреттер, әсіресе түрлі-түсті суреттер, жинақтар, таңғажайып тәжірибелер, күрделі емес және егжей-тегжейлі түсіндірмелер, соның ішінде келушілерге өзіңнің тарапыңнан түсініктемелер беру, сұрақ қою мүмкіндігі - мұның бәрі қарапайым формада «қараңғы» келушінің қызығушылық ауқымын едәуір кеңейтеді... [1].

Ресей империясы кезеңінде музейлер өз қызметін бүкіл территорияға, оның ішінде Ресей империясының ажырамас бөлігі болған Қазақстан аумағына тарата отырып, халықты элеуметтендіру және мәдениеттендіру функциясын жүзеге асырды.

XX ғасырда музей-кітапхананың өзіндік байланысы дамыды. Көптеген білім беру ұйымдарында музейлер құрылды. Барлық дерлік білім беру ұйымдары музей құруға, бұрыннан бар музейлермен байланыс орнатуға тырысты. Бұл уақытта көптеген музейлер қосымша (мектептен тыс) білім берудің ірі орталықтарына айналды, олар арнайы аудиторияға арналған түрлі білімді таратып, оқу бағдарламаларын жасады.

Білім беру қызметін көпфункционалды түсіну, яғни білімді халық үшін көрнекі, қол жетімді түрде тарату мәдени-ағарту мекемелерінің жарғыларында дәрістер, курстар мен сыныптарды ұйымдастырумен қатар, ғылыми көрмелерді ұйымдастыру міндеті қойылды. Орта білім беру ұйымдарының мүддесі үшін құрылған қоғамдық музейлер, көрмелер, кітапханалар және басқа да білім беру мекемелерін ашу құқығын өзіне бекітті.

Нәтижесінде көптеген мәдени-ағарту қоғамдары бірқатар педагогикалық, тарихи, жаратылыстану ғылымы және басқа да музейлерді құрудың бастамашысы болды. Мәселен, Санкт - Петербургте 1892 жылы мұғалімдер үйірмесінің күшімен Ресейдің революцияға дейінгі білім беру музейлерінің ішіндегі ең үлкені – 35 мың музейлік заттары бар Ресей техникалық қоғамының техникалық білім беру жөніндегі тұрақты комиссиясы жанындағы жылжымалы музей пайда болды. Одан кейін іле-шала 1893 жылы Мәскеу сауаттылық комитетінде Жексенбілік мектептердің музейі ашылды. Осы екі музейдің де ашылуы, олардың міндеттері бойынша да, ұйымдастырылуы бойынша да қоғамдық мекемелер болып, елдің басқа қалалары мен аудандарында педагогикалық музейлер құруға үлгіге айналды. Педагогикалық академияны, педагогикалық кітапханамен бірлесе педагогикалық музейді құрған Бүкілресейлік білім беру лигасы да өз қызметінде жоғарыда аталған музейлерге сүйенді [1; 2].

Қазақстанда негізгі мақсаты ағартушылық қызмет болған еліміздің ең көне және ірі музейлерінің бірі – алғашқы облыстық тарихи-өлкетану мұражайы ұйымдастырылды. Музей Семей қаласында 1883 жылы саяси жер аударылғандардың бастамасымен ашылды. Мұражайды құрудың бастауында Е. П. Михаэлис, сондай-ақ Семей статистикалық комитетінің мүшелері В. Н. Филиппов пен М. И. Суворцов тұрды. Музейді құруға саяси жер аударылғандар Н. И. Долгополов, А. А. Леонтьев, П. Д. Лобановский, А. А. Блэк, Н. Я. Коншин және басқалары белсенді қатысты. Музей мен қоғамдық кітапхана құру туралы бастаманы Статкомитет төрағасы – губернатор А.П. Проценко тарапынан да қолдау тапты [3].

Білім беру ұйымдары музейлерді құра отырып, халықтың жаңа топтарын музей ісіне қосу және өзінің қызметін кеңейту мен одан әрі жалғастыру мүмкіндігін көрді.

Білім беру ұйымдарында әртүрлі музейлерді құру процесі үлкен империяның барлық өңірлерінде өтті. Әсіресе ХХ ғасырда ағарту және халыққа білім беру мақсатында музейлердің ашылуы қарқынды жүрді. Әр түрлі типтегі музейлер жыл сайын дерлік ашылып жатты. Музейлердің жалпы әлемдік даму үрдісі, музейдің мәдени-ағартушылық қызмет орталығы ретіндегі рөлінің артуы үлкен рөл атқарып, халық арасында білімге деген сұраныстың қанағаттандырылуына ықпал етті.

XIX ғасырдың екінші жартысында метрополиялар дүниежүзілік көрмелер ұйымдастырған кезең болды. Көрмелер өте табысты болды. Көрмелер аяқталғаннан кейін олардың жинақтары музейлердің жаңа түрлерінің негізін қалады, атап айтқанда: теңіздің арғы жағындағы территориялардағы музейлер (отарлық), өнеркәсіптік өнер музейлері, ашық аспан астындағы этнографиялық музейлер және т.с.с. Лондондық өнеркәсіптік көрмелері (1851, 1867, 1871); Париж көрмелері (1867, 1876, 1878, 1889); Санкт-Петербургтегі (1870) және Мәскеудегі (1872) Ресейлік көрмелер); Чикагодағы американдық көрмелер (1873) және Филадельфия (1876), Антверпен (1869), Вена (1873) және Амстердамда (1883) өткен отарлық тауарлардың көрмелері ең нәтижелі және үлкен қызығушылыққа ие болды [2].

XIX-XX ғасырлар тоғысында музейлерге деген көзқарас, ең алдымен, ежелгі ескерткіштер мен басқа да заттар жинақталған зерттеушілер мен ғалымдар үшін қызығушылық туғызатын ғылыми орда ретінде белгілі бір жинақтау қағидалары мен экспонаттау әдістеріне сәйкес қалыптасты. Бұл жаратылыстану ғылыми жинақтармен қатар, көркемөнер жинақтарына да қатысты болды.

Мамандандырылған музейлер, яғни белгілі бір коллекциялар жүйесі бар бейінді музейлер (жаратылыстану-ғылыми, техника мұражайлары, археологиялық және т.б.) қалыптаса бастады. Этнографиялық мұражайлардың материалдары негізінен дүние бөліктері, мемлекеттер, тайпалар сияқты географиялық қағидаға сәйкес жүйеленді. Ірі бөлімдердің ішінде жәдігерлер мәдени құбылыстар деп аталатын топтарға біріктірілді: тұрғын-жайлар, еңбек құралдары, киім-кешек және т.б. Типологиялық қатарлар формаларының эволюциясын көрсетуге мүмкіндік беретін тұрмыстық заттардың түрлері бойынша құрылды. Сәндік-қолданбалы өнер музейлерінде материалдар материалдық мәдениет салалары бойынша топтастырылды (ағаштан, керамикадан, матадан жасалған заттарды жинақ түрінде көрсету).

Шын мәнінде, XIX ғасырдағы музей ісінің дамуы олардың есігін бұқараға ашты. Алдымен олар жоғары білімді келушілерге – ғалымдарға, зиялы қауым өкілдеріне, интеллектуалдарға бағытталды. Алайда музейлердің алдына аудиторияны кеңейту, халықтың барлық топтарын тарту міндеті қойылды. Мұражайлардың тұжырымдамасына білім беру функциялары кіріп, дәрістер, экскурсиялар, түрлі үйірмелер мен семинарлар өткізіле бастады, мамандандырылған білім беру экспозициялары мен көрмелері ұйымдастырылды.

Осы сәттен бастап музейлердің тақырыптық ауқымы кеңейіп, келушілердің саны арта түсті. Көрермендердің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жұмыс уақыты ұхартылып, кіру ақысы төмендетілді.

Ұлттық тарихты, салт – дәстүрді және тұрмысты сақтау үшін музейлердің жаңа типтері – ашық аспан астындағы музейлер ашылып, этнографиялық музейлердің тақырыптары кеңейді. Оқу үрдісімен қатар музейлік құралдар арқылы білім беру процесі жүретін орынға айналып, әлеуметтік-мәдени кеңістіктің ажырамас бөлігі болып қалыптаса бастады.

XX ғасырдың 20-30 жылдарында музей құрудың жаңа толқыны болды. Мысалы, Калуга қалалық «Қайырымды ағартушылық үшін» музейі, Вятка губерниясының Кукар білім беру қоғамының жаратылыстану-тарихи музейі, Орынбордағы «Орынбор өлкесінің музеумы» және т. б. дәл осы кезеңде құрылды.

Бұл музейлердің барлығы екі қызметті атқарды: бір жағынан, осы музейлердің экспозициялары мен қорларындағы материалдар білім беру үдерісінде көрнекі құрал ретінде пайдаланылды, екінші жағынан, олар халықтың кең тобына білімді таратты. Сонымен бірге, олар мектептен тыс білім беру жүйесіндегі оқу үдерісін қамтамасыз етіп қана қоймай, халыққа отандық және әлемдік тарихтың, философиялық ойдың, әдебиеттанудың, жаратылыстанудың және т. б. дамуының негізгі кезеңдері туралы қол жетімді түрде айту міндетін қойды. Сонымен бірге Ресей империясының қарапайым жұмысшыларына өнеркәсіптік өндіріс, ауыл шаруашылығы, гигиена және

санитария, қолөнер, құқық, еңбекті қорғау және т. б. салалардағы қажетті дағдылар мен білімдерді жеткізумен айналысты. Сондықтан жалпы білім беру, педагогикалық музейлер мен көрнекі оқу құралдары бар музейлермен қатар әртүрлі бейіндегі арнайы білім беру музейлері кеңінен дамыды [4].

Жалпы, музейлерді құруда және олардың қызметінде мектептен тыс білім беру жүйесі маңызды рөл атқарды. XX ғасырда қалыптасқан Ресей империясындағы мектептен тыс білім беру жүйесінде әртүрлі мәдени және білім беру ұйымдары болды. Бұл жалпы білім беру мекемелері, жексенбілік мектептер, курстар және университеттер сияқты арнайы дағдылар мен білім беру мекемелері. Мәдени-ағарту ұйымдарының тағы бір тобы – музейлер, кітапханалар, халықтық оқытушылық қоғамдастықтары. Адамдарды біріктіретін және олардың шығармашылық дамуына көмектесетін әртүрлі қызығушылық үйірмелерін мәдени-ағарту мекемелерінің жеке тобына топтастыруға болады, мысалы, фотография өнері, театр өнері, ән айту және т. б.

XX ғасырдың басында Е. Н. Медынский, К. Д. Ушинский, А. Макаренко, Я. Корчак және басқалар сияқты ұлы орыс мұғалімдері ағартушылық идеяларына өз үлестерін қосты. Е. Н. Медынский өз еңбектерінде мектептен тыс білім беруге баса назар аударды. Ол земстводағы мектептен тыс білім беру жүйесін жасады, білім беру мекемелеріне көп көңіл бөлді, педагогикалық қызметте демократиялық идеяларды қолдады. «Мектептен тыс тәрбие жұмысының әдістері» атты кітабында Е. Медынский кітапханалар мен театрлар сияқты мекемелердің рөлін, мектептен тыс білім берудегі әртүрлі адамдардың қажеттіліктері туралы мәселелерді қарастырады. Е. Н. Медынский «Мектептен тыс білім: оның маңызы, ұйымдастырылуы және әдісі» кітабында музейлерге, көрмелер мен экскурсияларға мектептен тыс білім мен тәрбиенің, әсіресе жалпы білім беретін музейлердің қажетті бөлігі ретінде ерекше назар аударады. Е. Н. Медынскийдің пайымынша музейлер «тәуелсіз білім беру мекемесі ретінде және ересектерге арналған мектептерді ұйымдастыруда көмекші» болуы керек [5]. Мектептен тыс білім берудегі тәрбие жұмысын дамытуға белгілі педагог К.Д. Ушинский үлкен үлес қосты, ол адам тәрбиесі, тәрбие теориясының психологиялық және педагогикалық аспектілері туралы бірнеше еңбектер жазды. К. Д. Ушинский өзінің «Адам тәрбие пәні ретінде» атты үш томдық кітабында «әдемілік сезімі», «түйсіну» сияқты ұғымдарға маңызды психологиялық талдау жасады; ол педагогика пәні мен оның принциптерін негіздеді [6].

Тағы бір топ – театрлар, ойын-сауық клубтары, кинотеатрлар сияқты мәдени және ойын-сауық ұйымдары болып табылады. Университеттер, халықтық үйлер сияқты кешенді көпфункционалды білім беру орталықтары жекелеген топты құрайды, олар мектептен тыс білім берудің әртүрлі нысандарын және кітапханалар, музейлер, театрлар және т. б. сияқты білім беру мекемелерін өзіне біріктірді.

Негізінен, мәдени-ағарту ұйымдарының қызметі үлкен қалаларда дамыды, бұл сол жерде қажетті материалдық, қаржылық және ұйымдастырушылық жағдайлардың, қажетті қаржы мен құралдардың шоғырлануымен байланысты болды, онсыз мектептен тыс іс жүргізу мүмкін емес еді. Сонымен қатар, музейлер мектептен тыс мекемелер көп болған әкімшілік-аумақтық бірліктерде белсенді түрде құрылды.

Музейлердің ағартушылық қызметінің негізгі нысаны көрмелер болып табылады. Музейлердің көрме қызметі халықтың әртүрлі топтарының тарапынан скранысқа ие болды. Жалпы, музейлік аудиториясына халықтың барлық әлеуметтік топтары – оқушылар, әскери қызметкерлер, түрлі сала мамандары, шенеуніктер және т. б кірді.

Мұражайлардың мәдени-ағартушылық қызметінің кең таралуына ғылым мен мәдениеттің көрнекті өкілдерінің, танымал ғалымдар мен мұғалімдердің, ойшылдардың қатысуы үлкен әсер етті. Атап айтқанда революцияға дейінгі Ресейде И. Е. Забелин, А. П. Богданов, П. С. Уварова, В. В. Докучаев және басқалар сияқты көрнекті тұлғалар. Сондай-ақ Қазақстан аумағындағы мәдени-ағарту қызметінің дамуына жер аударылған ғалымдар, жазушылар, белгілі зерттеушілер және т. б. орасан зор үлес қосты. Мысалы, Семей қаласының облыстық тарихи-өлкетану музейінің ашылу салтанатына ұйытқы болған белгілі қоғам қайраткерлері - Е. П. Михаэлис, В. Н. Филиппов және М. И. Суворцев, Н. И. Долгополов, А. А. Леонтьев, П. Д. Лобановский, А. А. Блэк, Н. Я. Коншин, ұлы ақын-ағартушы, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы Абай Құнанбаев, философ Шәкәрім Құдайбердіұлы және басқалары еліміздегі ағарту қызметінің қалыптасуы мен дамуына үлкен үлес қосты.

XIX-XX ғасырлар тоғысындағы орыс ойшылы Н. Ф. Федоров «музей заттарды жинақтау ғана емес, «лид» соборы» деп айта келе, «ол барлығына тек білім беру арқылы ашық бола алады; ал оларға оқу орындары арқылы қатысуға болады» және «егер музей бастауыш және орта оқу орындары үшін түпкілікті және барлық арнайы мекемелерге ортақ әрі жоғары деңгейдегі мекеме... көпшілікке ашық болмаса ол «жабық» болып қала бермек» деп жазады. Осыны түсіне отырып, музей қызметкерлері түрлі ғылыми, мәдени, білім беру мекемелерін бір арнаға біріктіріп, белгілі бір ауданның, қаланың, жергілікті аймақтың мәдени өмірінің орталығынан орын алуға тырысты [7].

Қорытынды. Осылайша, музейлер ерекше әлеуметтік-мәдени институт болып табылады. Келушіге белгілі бір ақпаратты немесе материалды ұсына отырып, арнайы әңгімелеумен сүйемелдеу арқылы тарихқа, символикалық шындыққа саяхат жасауға көмектеседі, яғни келушіні оқиғаның қатысушысына айналдырады. Бүгінгі таңда музейлер қолда бар материалдардың барлық арсеналын қолдана отырып, мәдени-ағарту қызметінің орталығына, мәдениет, тарих арқылы білім беру мен тәрбиелеу орталығына айналды.

Музейлердің даму тарихы қоғам үшін өте маңызды осы әлеуметтік-мәдени институттың қалыптасуы ұзақ жол жүргендігін көрсетеді, оның қызметі мен мақсаты өзінің даму жолында көптеген өзгерістерге ұшырады. Протомузейлік жинақтау, ежелгі храмдар және заманауи мәдени-ағарту институты дәрежесіне жетуге дейін бірнеше мыңжылдықтар өтті. Музейлік орта мен оның экспозициялары мазмұны мен формасы бойынша толыққан кеңістікке айналды, келуші түрлі әсер алу мүмкіндігіне ие болды.

Музейлер бұрынғыдай тарихпен танысуға арналған орын болып табылады, мұнда құндылықтар сақталып, соның арқасында әрбір келуші жасына, әлеуметтік жағдайына, діни сенімдеріне қарамастан белгілі бір дәуір оқиғаларына кәугері бола алады. Бүгінгі таңда музей маңызды мәдени және білім беру институты болып табылады, ол өз тәжірибесінде театрландырылған қойылымдар мен білім беру тәсілдерін қолдана отырып, тәрбиелік функцияны да орындайды.

Қазіргі заманғы музейлер өзінің әлеуметтік-мәдени институт ретінде қалыптасуының ұзақ жолынан өтті және салыстырмалы түрде тұрақты, қазіргі шындыққа бейімделген әлеуметтік-мәдени қоғамдық өмірдің элементіне айналды. Дамуы барысында үш топтың – музей құндылықтарының иелері (коллекционерлер), музей мамандары мен музей аудиториясының өзара әрекеттесуі болды.

Қоғамның әлеуметтік-мәдени өмірінде маңызды рөл атқара отырып, музейлердің миссиясы – тарихи, мәдени және табиғи заттарды сақтау, оларды есепке алу, зерттеу және білім беру мақсатында халықтың кең топтары арасында наисхаттау, қоғамның назарын мәдени құндылықтар мен оларды сақтау проблемаларына аудару болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Шулепова Э.А. Основы музееведения. – М., 2010. – 507 с.
2. Шулепова Э.А. Основы музееведения. – М.: Едиториал УРСС, 2005. – 504 с.
3. Семей тарихи-өлкетану облыстық музейінің ресми сайты. // Интернет ресурс: <http://semeymusey.kz/ru/o-muzee/istoriya-muzeya.html> (Күні 04.10.2020).
4. Алтаев Б.Е. Место музеев Казахстана в мировом сообществе // Музеи Казахстана. – 2003. – № 2. – С.13-15.
5. Внешкольное образование. Его значение, организация и техника, 2-е изд., знач. доп. и перераб. – М., 2015.
6. Ушинский К.Д. Человек как предмет воспитания. Том 2. – Москва, 1869.
7. Философия общего дела. Статьи, мысли и письма Николая Федоровича Федорова. II т. – М, 1913. – С.398-473.

References:

1. Shulepova Je.A. *Osnovy muzevedeniya*. – М., 2010. – 507 s. (In Russ.).
2. Shulepova Je.A. *Osnovy muzevedeniya*. – М.: Editorial URSS, 2005. – 504 s. (In Russ.).
3. *Semej tarihi-өлketanu oblystyq muzejiniң resmi sajty*. // Internet resurs: <http://semeymusey.kz/ru/o-muzee/istoriya-muzeya.html> (Kuni 04.10.2020, uaqyty 17:16). (In Kazakh.).
4. Altaev B.E. *Mesto muzeev Kazahstana v mirovom soobshhestve* // Muzei Kazahstana. – 2003. – № 2. – S.13-15.
5. *Vneshkol'noe obrazovanie. Ego znachenie, organizacija i tehnika*, 2-e izd., znach. dop. i pererab. – М., 2015. (In Russ.).
6. Ushinskij K.D. *Chelovek kak predmet vospitanija*. Tom 2. – Moskva, 1869. (In Russ.).
7. *Filosofija obshhego dela. Stat'i, mysli i pis'ma Nikolaja Fedorovicha Fedorova*. – II t. – М, 1913. – S.398-473. (In Russ.).